

**Облыстың қаржы басқармасы басшысының міндетін атқарушы
Н.А. Өнербаевтың «2016 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы
туралы» баяндамасы**

Облыстық қаржы басқармасы ҚР Бюджеттік кодексіне сәйкес, «2016 жылғы облыстық бюджеттің орындалуы туралы» шешім жобасын қарауға ұсынады.

Сіздерді, 2016 жылғы облыстық бюджеттің орындалу барысының негізгі параметрлерімен таныстырғымыз келеді.

2016 жылы облыстық бюджеттің түсімі 157 171,8 млн. теңге болса, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 40 253,7 млн. теңгеге немесе 34,5% артқан. (№1 слайд)

Облыстық бюджетке түскен кірістер үлесінің жалпы көлемі – 23,9%, трансферттер – 66,2%, бюджеттік кредиттерді өтеу – 2,0%, қарыздардың түсімі – 7,9%. (№2 слайд)

Облыстық бюджет кірістерінің 2016 жылғы түзетілген жоспары 139 831,6 млн. теңге сомасында белгіленді. Нақты түскен түсімдер 141 584,9 млн. теңгені құрап, жоспарлық көлемнен 1 753,4 млн. теңгеге немесе 101,3%-ға артты.

Салық түрінде түскен кірістердің жалпы сомасы 33 929,0 млн. теңгені немесе 24,0%-ды құрады, салықтық емес түсімдер – 3 664,8 млн. теңге немесе 2,6%, трансферттік түсімдер – 103,985,2 млн. теңге немесе 73,4% болды. (№3 слайд)

2016 жылы салық, салықтық емес түсімдер және трансферттер 105,2%-ға, 138,9%-ға және 99,1%-ға сәйкесінше орындалды. Хромтау және Темір аудандарының бюджеттің кірістер бөлігін орындамауына байланысты, түспеген трансферттер 943,0 млн. теңгені құрады.

2015 жылмен салыстырғанда облыстық бюджеттің кірістері 36 031,2 млн. теңгеге немесе 34,1%-ға өскен. Оның ішінде, салықтық түсімдер сомасы 703,4 млн. теңгеге немесе 2,1%-ға, салықтық емес түсімдер 113,0 млн. теңгеге немесе 3,2%-ға және трансферттер 35 209,1 млн. теңгеге немесе 51,2% өсті. (№4 слайд)

Жалпы түскен кірістердің басым бөлігін (60,2%), республикалық бюджеттен бөлінген 85 202,5 млн. теңге көлемінде нысаналы трансферттер құрайды, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 26 784,4 млн. теңгеге арттық. Бұл жергілікті бюджеттердің шығыстарын өтеуді және өңірлердің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша 7 076,6 млн. теңге, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының шеңберінде ТКШ, ауыл, ауылдық округ, кенттер, қалалық маңызы бар аудандарда инфрақұрылым және абаттандыру объектілерін ағымдағы жөндеуге ҚР Үкіметінің арнайы резервінен 1 015,3 млн. теңге, ауыл шаруашылығы саласын субсидиялауға 3842,3 млн. теңге және ҚР Ұлттық қорынан бөлінген 14 494,0 млн. теңге бөлінуімен түсіндіріледі. (№5 слайд)

2016 жылдың облыстық бюджет шығындарының түзетілген жоспары бекітілген жоспармен салыстырғанда (112 867,0 млн. теңге) 45 534,9 млн. теңгеге немесе 40,3% - ға артып, 158 401,9 млн. теңгені құрады.

Түзетілген жоспардың нақты шығыстары 157 846,0 млн. теңгені немесе 99,6% құрайды, ол, 2015 жылмен салыстырғанда 40 721, 8 млн теңге немесе 34,8% ұлғайған.

Шығыстардың құрылымында айтарлықтай салмақты үлесті шығындар (89,1%) алып, 2015 салыстырғанда 35 989,9 млн. теңгеге (34,4%) артты немесе 140 635,9 млн. теңгені құрады. (№6 слайд)

Қаржылық активтерді сатып алуға бөлінген 123,6 млн.теңге және 13 931,1 млн. теңге мөлшерінде берілген бюджеттік кредиттер шығыстары толық көлемде орындалды.

2016 жылы облыстық бюджет шығыстары 15 функционалдық топтар қимасында, 260 бюджеттік бағдарламалар бойынша 30 әкімшілік мемлекеттік органдарымен жүргізілді.

Бекітілген жоспар (107 116,5 млн.теңге) 34 075,4 млн.теңгеге өсімді құраса, түзетілген бюджет жоспарының шығындары 141 191,9 млн. теңгені құрады.

2016 жылдың аяғына шығындар бойынша 555,9 млн. теңге орындалмаған, оның ішінде, мемлекеттік сатып алу бойынша бюджеттік қаражаттың үнемделуі – 116,6 млн. теңге, үнемделген еңбекақы қоры бойынша – 31,6 млн. теңге, конкурстық рәсімдерді уақтылы өткізбеуінен – 96,7 млн. теңге, келісім-шарт міндеттемелерінің орындалмауынан - 84,5 млн. теңге, аудиторлық тексеру нәтижесі бойынша - 226,5 млн. теңге. (№7 слайд)

Бюджет қаражатының ең көп игерілмеуіне жол берген басқармалар: Дене шынықтыру және спорт басқармасы - 328,6 млн.теңге, Құрылыс – 54,0 млн.теңге, ПД – 43,4 млн.теңге, Табиғи ресурстар – 23,1 млн.теңге, Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар – 22,6 млн.теңге, Индустриалдық-инновациялық даму – 17,8 млн. теңге.

2016 жылы облыстық бюджетті нақтылау мен түзету кезінде бюджеттік несиелер көлемі 13 931,1 млн теңгені құрап, бекітілген бюджеттен 11 125,0 млн. теңгеге ұлғайған. Нақты бөлінген бюджеттік кредиттер көлемі 13 931,1 млн. теңге (100%). Атап өткенде, 2016 жылдың бюджеттік несиелеу көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 3 780,5 млн. теңгеге (37,2%) ұлғайды.

2016 жылы бюджеттік несиелеу 4 облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің 7 бюджеттік бағдарламалары арқылы жүзеге асырылды.

Әкімшілер қимасында бюджеттік несиелеудің ең көп үлесі құрылыс басқармасы – 46,1% және энергетика басқармасына – 28,5 % тиесілі.

Бюджеттік несиелендірудің негізгі бағыттары сумен жабдықтау, жылу және су бұру жүйелерін реконструкциялау және құрылыс (100%), агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің іс-шараларын қолдау (100%), тұрғын үй жобалауға және салуға (100%), мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру (100%) болып табылады.

Есепті жылдың бюджетті орындау кезіндегі басты міндеті - қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша, әлеуметтік маңызы бар шығындардың уақтылы орындалуы болды.

2016 жылы мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы бойынша, шығындарды уақтылы және толық қаржыландыру қамтамасыз етілді.

Функционалдық топтар бөлінісіндегі орындалу: тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы мен денсаулық сақтау бойынша - 18%, білім беру - 12%, ауыл шаруашылығы - 7%, қоғамдық тәртіп және көлік, коммуникация - 4%, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету - 3% құрады. (№8 слайд)

"Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" 1-ші функционалдық тобының шығыстары бойынша жоспар 1 894,2 млн.теңге болса, игерілгені 1883,3 млн.теңге немесе 99,4 %, бұл топ арқылы мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз ету қаржыландырылады (№9 слайд).

«Қорғаныс» 2-ші функционалдық топ бойынша шығыстар (№10 слайд) жоспар 154,6 млн.теңге, игерілгені 154,2 млн.теңге немесе 99,7%.

Бұл топтың шығыстары облыстық масштабтағы жалпыға бірдей әскери міндеттілікті, төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою бойынша іс-шараларды жүргізуге бағытталған (*УАЗ-396295-440 арнайы автокөлік (1 бірл.) және ТРЭКОЛА (1 бірл.), газқағарлар, интерактивті тақта, респираторлар, сиреналар сатып алынды*).

«Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік құқықтық қылмыстық-атқарушы қызмет» 3-ші функционалдық тобы бойынша шығыстар (№11 слайд) 8 бюджеттік бағдармаларды іске асыруға 6 394,7 млн.теңгеге жоспарланып, 6 351,4 млн.теңгесі игеріліп (99,3 % құрады).

«Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 6 154,4 млн.теңге шығыстар жүргізілген, оның ішінде, облыстық ішкі істер департаментінің күрделі шығыстары 1642,2 млн.теңге бағытталған.

«Білім беру» 4-ші функционалдық тобы бойынша (№12 слайд) 24 бюджеттік бағдарламаны орындауға 18 920,5 млн.теңге жоспарланып, оның 18 911,9 млн. теңгесі игерілді (100 %).

Қаржы негізінен мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың жұмысшыларының еңбек ақысын, коммуналдық қызметтерді және іс-шара жоспарында қаралған бірінші кезектегі шығындарды өтеуге бағытталған.

Қаржының 5 068,9 млн.теңгесі еңбек ақысын төлеуге, 155,7 млн.теңгесі коммуналдық қызметтерге, 427,8 млн.теңге азық-түлікке, 4,0 млн.теңге дәрі-дәрмек және басқа да медициналық тауарларды алуға жұмсалған.

Тұтастай алғанда, білім беру саласының іс-шараларын орындауға республикалық бюджеттен 5 885,0 млн.теңге нысаналы трансфертер бөлініп, оның 5 860,6 млн.теңгесі игерілді, соның ішінде:

- 2 579,5млн.теңге мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орындауға бөлініп, игерілді;

- техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауды ұлғайтуға бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырыстарына 419,3 млн.теңге бөлініп, игерілді;

- 446,8 млн.теңге техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында оқитын оқушылардың шәкіртақының көлемін ұлғайтуға бөлініп, игерілді;

- сандық білім беру инфраструктурасын құруға 107,1 млн.теңге бөлініп, оның 99,3 млн.теңгесі игерілді;

- облыстың 15 мектебінде орта білім беруді ұйымдастыру үшін 10-11 сыныптарында аталған байқауды өткізуге, жан басына шаққанда, бөлінген 720,5 млн.теңге қаржы игерілді;

Облыстық бюджеттен төменгі тұрған бюджеттерге бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттің сомасы 812,3 млн.теңге, оның ішінде:

- 164,7 млн.теңге - патронаттық тәрбиеленуге берілген балаларды асырауға, жеткіншектер мен балалардың психикалық денсаулығын зерттеуге және де тұрғындарға психико-дәрігерлік-педагогикалық кеңестік көмек көрсетуге;

— 23,7 млн.теңге – кітапхана қорларын қор жинау циклі бойынша толықтыруға;

- білім беру объектілерінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге 103,4 млн.теңге, оның ішінде: күрделі жөндеуге 44,9 млн.теңге және ағымдағы жөндеуге 58,5 млн.теңге;

- Ең үздік орта білім беру ұйымы» байқауының грантын төлеуге 18,3 млн.теңге;

- 2016 жылы ашылған мектепке дейінгі тәрбиелеуге және жекеменшік бала-бақшаларда мемлекеттік тапсырысты орналастыруға 5,2 млн.теңге;

- 33 штаттық бірлікке 9,3 млн.теңге.

2015-2019 жылдарға арналған **«НҰРЛЫ ЖОЛ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ»** (№13 слайд) мемлекеттік инфрақұрылым бағдарламасының аясында жалпы сомасы 1 585,6 млн.теңгені құрайтын Қарғалы ауылы мен Ақтөбе қаласы Батыс шағын ауданында 320 орындық - 2 балабақша және Ақтөбе қаласының Заречный -3 кентіндегі 600 орындық ОМ, Кірпішті кентіндегі 320 орындық орта мектебі мен «Нұр Ақтөбе» мөлтек ауданындағы 1200 орындық үш орта мектептерінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

2017 жылға ауысқан көшпелі құрылыс объектілері: Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласының 600 орындық орта мектебі, Ақтөбе қаласының Батыс-2 т/а 320 орындық орта мектебі, Нокин ауылының 320 орындық орта мектебі, Ақтөбе қаласы Сазды ауылының (Бауырластар-2) 600 орындық орта мектебі мен Батыс-2 т/а 600 орындық орта мектептері бойынша игерілген қаржы 1 131,8 млн.теңгені құрады.

«Денсаулық сақтау» 5-ші функционалдық топ бойынша (№14 слайд) жоспар бойынша 28 581,3 млн.теңге болса, игерілгені 28 575,5 млн.теңге (100 %).

Бұл топ бойынша медициналық мекемелерде есептелген жалақы мен шығыстарды аударымдарын төлеуге 13 869,5 млн.теңге, азық-түлік сатып алуға 435,4 млн.теңге, коммуналдық қызметтерге 740,3 млн.теңге, дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды сатып алуға 10 502,5 млн.теңге шығыстар жүргізілген.

Дәрілік заттар, вакциналар және басқа да иммундік биологиялық препараттар 3 471,9 млн.теңгеге сатып алынған.

Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға және тегін медициналық көмекке 15 594,3 млн.теңге игерілді.

Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейінде дәрілік заттармен және мамандандырылған балалар және емдік тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуге 526,0 млн.теңге бөлінді;

Денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға республикалық бюджеттен 500,0 млн.теңге қаражат Ақтөбе қаласындағы облыстық туберкулезге қарсы 300 орындық диспансер салуға бағытталған.

Сондай-ақ, бюджет есебінен 213,4 млн.теңге қаражат бөлініп, игерілгені 209,5 млн.теңге (98,2 %). Осы бюджеттік бағдарлама аясында салынған медициналық пункттер, Алға, Мұғалжар, Әйтеке би, Ырғыз аудандарында.

«Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтасыз ету» 6-шы функционалдық тобы бойынша (№15 слайд) жоспарланған 2 302,1 млн.теңгеден 2 275,6 млн.теңге игерді (97,7 %).

Жұмыспен қамту–2020 бағдарламасының аясында ағымдағы іс-шараларды іске асыруда жоспарланған 539,3 млн.теңгенің 539,1 млн.теңгесі игерілді:

- республикалық бюджеттің трансферт шотынан 526,3 млн. теңге игерілді, оның ішінде:

- кадрларды кәсіби және қайта даярлауға 52,5 млн.теңге;

- көшуге арналған субсидияларға 0,5 млн.теңге;

- жастар тәжірибесіне 156,9 млн.теңге;

- жалақыны ішінара субсидиялауға 82,3 млн.теңге;

- жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз етуге 226,0 млн.теңге;

- ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және кәсіпкерлік негіздерін оқытуға – 8,0 млн. теңге;

- Ұлттық қордан -12,8 млн. теңге қаражат игерілді, оның ішінде:

- 55 жастан 64 жасқа дейінгі адамдардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау үшін 10,8 млн.теңге

- кәсіпкерлік негіздерін оқытуға 2,0 млн. теңге.

Қазақстан Республикасында 2012-2018 жылдарға мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту мен құқықтарын қамтамасыз етуге жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыруға 185,4 млн.теңге қарастырылған, соның ішінде:

- мүгедектерді 1 885 міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға 143,9 млн. теңге;

- мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруды дамытуға 1 "Инватакси" қызметі 4 – автокөліктерге 13,8 млн. теңге;

- "сурдоаударма» бағдарламаларын сүйемелдеуге 19,2 млн. теңге;
- Ақтөбе қаласында жарық және дыбыс ұйымдары орналасқан жерлерде, мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған 164 жол белгілерін орнатуға - 8,5 млн. теңге.

«Өрлеу» жобасы бойынша қаржылық көмекті жүзеге асыру үшін 20,9 млн.теңге қаражат бөлінген:

- 96 отбасы, 473 адамға отбасылық материалдық көмек төлеуге 8,8 млн.теңге;

- 19 ассистент және 4 әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесшілерінің қызметтерін төлеуге 12,1 млн.теңге.

«Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық» 7-ші функционалдық тобы бойынша (№16 слайд) жоспарланған 18 758,7 млн.теңгеден игерілгені 18 649,0 млн.теңге (99,5 %).

«Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы бойынша 116 жобаны іске асыруға 6 178,4 млн.теңге бөлінді, игерілгені 6 032,7 млн.теңге, немесе 97,6 %, оның ішінде:

- «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы аясында қызметтік тұрғын үй салуға, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және салу, жастарға арналған жатақханаларды салып бітіруге – 516,7 млн.теңге.

- «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыруға – 10,8 млн.теңге.

- «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы аясында ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамытуға бюджеттік кредит беру – 1 810,0 млн.теңге;

- «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде қалалар мен ауылдық елді мекендерді дамытуға – 3 693,2 млн.теңге.

«Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыруға Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резервінен 165 тұрғын үй-коммуналдық шауруашылық объектілерін ағымдағы жөндеуден өткізуге аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округтерге 1 015,3 млн.теңге бөлініп 1 000,6 млн.теңгесі игерілді, немесе 98,6 млн.теңге, оның ішінде:

- 50 білім беру объектілерін ағымдағы жөндеу – 264,8 млн.теңге;

- 21 мәдениет нысандарын ағымдағы жөндеу – 163,1 млн.теңге;

- 26 спорт нысандарын күрделі жөндеу – 163,1 млн.теңге;

- 32 нысан жолаушылар көлігі және автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу – 133,3 млн.теңге;

- 2 денсаулық сақтау объектілерін ағымдағы жөндеу – 1,4 млн.теңге;

- 27 нысан энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саябақтарды аббаттандыру және ағымдағы жөндеу – 55,2 млн.теңге;

- 7 әлеуметтік қамтамасыз ету нысандарын ағымдағы жөндеу – 133,3 млн.теңге.

«Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен 2 081,4 млн.теңге бөлініп, оның 2 053,4 млн.теңге игерілді, немесе 98,7 %, оның ішінде:

- «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы аясында ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдем ретінде кредит беру – 500,0 млн.теңге;

- «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде қалалар мен елді мекендерді дамытуға – 966,1 млн.теңге;

- «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы аясында қызметтік тұрғын үй салуға, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және салу, жастарға арналған жатақханаларды салып бітіруге – 61,1 млн.теңге.

«Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыру үшін 39 нысанға 8 635,0 млн. теңге қарастырылып, оның 8 513,1 млн.теңгесі игерілді немесе 98,6 %.

8-ші «Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңестік» функционалдық тобы бойынша (№17 слайд) жоспарланған 6 846,2 млн.теңгеден, игерілгені 6 599,3 млн.теңге (96,4 %).

Осы топ бойынша қарастырылған шығын көлемі дене шынықтыру және спорт саласына, тілдерді дамыту және мәдениет іс-шаралар қызметтеріне қарастырылған.

Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз етуге 216,6 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді.

Театр және музыка өнерін қолдауға 423,4 млн.теңге бөлінді және игерілді.

Мәдениет объектілерін дамытуға 78,7 млн.теңге бөлініп, 78,6 млн.теңгесі игерілді. «Ақтөбе қаласында облыстық өлкетану музейі» әкімшілік ғимаратының құрылысы, Әйтеке би ауданы Қарабұтақ селосында «Қарабұтақ ауылдық музейі» ММ –нің әкімшілік ғимаратына газ құрылғыларын орнату және Қобда ауданы Әлия селосында «Облыстық «Әлия» патриоттық тәрбие беру орталығының әкімшілік ғимараттарына газ құрылғыларын орнату жұмыстары аяқталды.

Дене шынықтыру саласында 13 балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде, олимпиада резервін даярлау орталығында және жоғарғы спорт шеберлігі мектебінде 9 264 мың балалар мен жеткіншектер спортпен шұғылданады.

Бұдан басқа, спорт объектілерін дамытуға жоспар бойынша 267,6 млн.теңге қаралып, кассалық шығын 267,1 млн.теңгені құрады. Осы шығындар Ақтөбе қаласында жасанды мұзбен жабық хоккей модулінің құрылысына, ЖСҚ әзірлеуге, жер учаскесіне құжаттар даярлауға жұмсалды.

9 –шы «Отын-энергетика кешені және жер қойнауларын пайдалану» функционалдық тобы бойынша (№18 слайд) 745,6 млн.теңге бөлініп, игерілгені 742,9 млн.теңге немесе 99,7 %.

«Елді мекендерді шаруашылық - ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен 556,5 млн.теңге бөлініп, 553,8 млн.теңгесі игерілді.

«Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бағдарламасы бойынша бөлінгені және игерілгені 188,1 млн.теңге.

Қарғалы ауданының Жусалы-Кемпірсай ауылына, Шалқар ауданының Байқадам ауылы және Мәртөк ауданы Жайсаң поселкесіне газ құбырын жабдықтау құрылысына шығыстар бағытталған.

Сонымен бірге, Ырғыз ауданының «КС-13-Шетырғыз-Ырғыз газжеткізуші жабдықтарының құрылысы» жер учаскесінің өзара технологиялық байланысы бар жұмыстары мен жер сәйкестендіру құжаттарын дайындауға қаржат жұмсалған.

10-шы «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» функционалдық тобы бойынша (№19 слайд) жоспарланған 11 263,0 млн.теңгеден игерілгені 11 233,1 млн.теңге (99,8 %).

Осы топ бойынша ауыл шаруашылығы шығындарын субсидиялауға жалпы сомасы 9 604,0 млн.теңге бағытталған. Оның ішінде:

- асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және ол өнімдердің сапасы мен өнімділігін арттыруға - 5443,9 млн. теңге;

- тұқым шаруашылығын қолдауға арналған 47,3 млн;

- өнімінің шығымдылығы мен өсімдік шаруашылығының сапасын арттыру, көктемгі-егіс және егін жинау жұмыстарын қажетті жанар-жағар май мен басқа да ТМҚ құнын арзандату үшін 876,6 млн. теңге.

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату, өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге 192,8 млн.теңге бөлінді және игерілді.;

- агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстарының бір бөлігін өтеуге 2 049,3 млн.теңге жұмсалды.

Ауыл шаруашылығы объектілерін дамытуға 252,3 млн. теңге бөлініп, игерілді, шығыстар сумен жабдықтау мен көлдетіп суару объектілерінің құрылысының сараптамасын алуға жұмсалған.

Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамытуға 92,4 млн. теңге бөлінді және игерілді. Ақтөбе қаласы Елек өзенінің аумағында тасқын ағын судың ластануын болдырмау және арнасын өзгерту жұмыстары аяқталды.

11-шы «Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» функционалдық тобы бойынша (№20 слайд) жоспарланған 1 143,1 млн.теңгеден игерілгені 1 119,0 млн.теңге, немесе 97,9 %.

Мемлекеттік саясатты іске асыруға жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысына 1 098,1 млн. теңге бөлініп, оның 1 074,0 млн. теңгесі игерілді, соның ішінде:

- жергілікті бюджеттерден дамытуға бағытталған 50,5 млн. теңге, Ақтөбе қаласы Батыс тұрғын үй массивінің сумен жабдықтау және кәріз жолдарын жөндеуге, Ақтөбе қаласының орталық ҚР Тұңғыш президенті атындағы саябағын қайта жаңғырту мен ЖСҚ әзірлеу сараптамалық жұмыстарына бағытталған.

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резерві есебінен Қарғалы ауданы Желтау ауылындағы "Актеп" ЖШС-нің су тоғанын салу және инфрақұрылымын ұйымдастыру үшін, суармалы 1 және 2 учаскелеріне 244,8 млн. теңге және 11 объектінің инженерлік желілерінің құрылысын салу мен кварталішілік және аудандардың жеткізуші газ құбырына 486,7 млн. теңге бөлінді.

12-ші «Көлік және коммуникация» функционалдық тобы бойынша (№21 слайд) 6 786,7 млн.теңге бөлініп, 6 783,4 млн.теңгесі игерілді немесе 100 %.

Осы топ бойынша автомобиль жолдары мен көлік инфрақұрылымын дамытуға көзделген қаражаттар игерілген.

Көлік инфрақұрылымына бөлінген 1579,5 млн. теңге: "Ақтөбе-Орск" автомобиль жолының 0-8 км, Ақтөбе қаласы "Оңтүстік айналма жолы» автомобиль жолын қайта жөндеуге, Ақтөбе қаласының 0-21,5 км учаскесіне, сондай-ақ «Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк» 267-307 км жолын қайта жаңғыртуға бағытталған.

Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі, орта жөндеу бойынша жұмсалып, игерілгені 1565,9 млн. теңге, оның ішінде "Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк" 125-196 км учаскесі, "Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк" 307-304 км учаскесі, "Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқұдық" 02-16,5 км. мен "Донское-Бадамша-Ақтөбе-Орск" 17-30 км учаскелері.

Сонымен қатар, аудандық маңызы автомобиль жолдарының күрделі және орта жөндеу жұмыстарына облыстық бюджет есебінен 2 564,0 млн. теңге ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінген.

13-ші «Басқалар» функционалдық тобы бойынша (№22 слайд) 21 518,9 млн.теңге бөлінді, оның 21 475,2 млн.теңгесі игерілді немесе 99,8 %.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға 1 130,6 млн.теңге бағытталған, 157 шағын және орта бизнес субъектілерін субсидиялар беріліп және 2 500 жұмыс орындары ашылды.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында ішінара кепілдік беру бойынша шағын және орта бизнеске кредиттер бөлініп, игерілгені 180,6 млн.теңге. Кредит алуға 93 шағын және орта бизнес субъектілеріне кепілдік берілген.

«Бизнестің жол картасы-2020» бірыңғай бағдарламасы аясында бизнесті дамытудың кәсіпкерлік қызметті қолдауға және бизнес-инкубатор дамытуға 3,4 млн.теңге бағытталған.

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық (индустриялық) инфрақұрылымды дамытуына 3 объектінің құрылысына жалпы сомасы 1 914,8 млн. теңге қарастырылып, 1 893,6 млн. теңгесі игерілді немесе 98,9%.

Аудандардың бюджеттеріне жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделіне көшуге, сонымен қатар оларға лауазымдық айлықақыларына

ерекше еңбек жағдайлары үшін, ай сайынғы үстемеақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер – 12 140,7 млн.теңге.

Аудандардың бюджеттеріне жергілікті бюджеттердің шығыстарын өтеуді және өңірлердің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер -4 919,5 млн.теңге.

14-ші «Борышқа қызмет көрсету» функционалдық тобы бойынша бөлінгені 2,5 млн.теңге, игерілгені 2,5 млн.теңге немесе 99,9 %.

15 –ші «Трансферттер» функционалдық тобы бойынша бөлінгені және игерілгені 15 879,8 млн.теңге немесе 100 %.

Аудандарға субвенция – 15609,7 млн.теңге.

Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару –29,8 млн.теңге.

Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару – 3,2 млн.теңге.

Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер – 216,9 млн.теңге

**Ақтөбе облыс қаржы
басқармасы басшысының м.а.**

Н.Өнербаев